

магистранты

ЖАУАП АЛУ КЕЗІНДЕГІ ТАКТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылға дейінгі кезеңдерге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес мемлекеттік тиімді қылмыстық саясатына қылмыстық сот ісін жүргізудің оңтайлы моделінсіз қол жеткізу қиындығы нақты көрсетілген¹. Сондықтан қылмыстық-процессуалдық құқықтың даму артықшылығы болып бұдан әрі адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған қылмыстық сот ісін жүргізудің негізін қалаушы қағидаларды іске асыру болып табылады.

Біздің пікірімізше, қылмыстарды тез және толық ашу, оларды жасаған тұлғаларды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту әділ сот шешімі мен қылмыстық заңға сәйкес қолдану мақсатында қылмыстық-процессуалдық және жедел-ізвестіру туралы заңнаманың тиімді қолданылуын қарастыратын оңтайлы құқықтық механизмдерді дайындау қажет деп есептейміз.

Қылмысты тергеу процесінде ақпаратты алу және пайдалану ерекше іскерлік пен шығармашылықты талап етеді. Қазіргі заманда қылмыстылықпен күресу үшін тергеушіден жоғары шеберлік қажет егіледі. Бұл біріншіден, қылмыскерлердің кәсіптілігінің өсуімен, қылмыстарды дайындау, жасау және жасырудың ұйымдастырушылық негіздерінің күшеюімен; екіншіден, азаматтардың тергеуге қатысқысы келмеуімен, алдында берген айғақтарынан сотта бас тартуымен; үшіншіден, тергеу жүйесінің ұйымдастырушылық — кадрлық және басқа да кемшіліктерімен негізделеді.

Дәлелдемелік ақпаратты жинауда жауап алу маңызды орынға ие. Қылмыстарды тергеудің сапасы мен деңгейін арттыру тергеу әрекеттерін жүргізу барысында тактикалық тәсілдерді қолдану арқылы тергеушінің қызметін жетілдірумен байланысты деген ойдамыз.

Сондықтан, жауап алу барысында тактикалық тәсілдерді қолданудың өзектілігі және қиындығы айқын. Қылмыстарды тергеу көп жағдайда даулы сипатқа ие екені құпия емес.

А. Н. Васильев, тактикалық әдістерді табиғаты бойынша былайша жіктейді: а) логиканын тергеуде қолданылуына негізделген; б) психологиялық контактіні белгілеуге бағытталған; в) тергеуді жоспарлы ұйымдастыруды қамтамасыз етуге шақырылатын тактикалық әдістер.

В. Е. Коновалова оларды мақсаттық бағытталуына байланысты былай бөлді: а) психикалық контактіні анықтау; б) өтірігін әшкерелеу; в) өзін-өзі көндіруді анықтау; шынын айтпауды еңсеру және т. б.

Н. И. Порубов және т. б. авторлар тактикалық әдістерді жіктеу үшін көптеген негіздерді қолданады². Берілген тактикалық әдістердің жіктелуі бірқатар ескертпелерді туындатады. А. Н. Васильеваның жіктелуінде әр түрлі негіздер қолданылған. О. Я. Баева да жеткілікті сәйкестенбеген түрлерді «ақпаратқа қатыстылығын» қолданған немесе ол ақпаратты иеленушінің оған деген көзқарасы емес, керісінше ол ақпаратпен иелене ме, жоқ па сол туралы сөз қозғап отыр.

Р. С. Белкиннің қайсыбір әдісті жіктеудің нақты бір тобына байлап тастауға ұмтылу сияқты, жауап алудың тактикалық әдістерін жіктеу үшін әмбебап негіз табуға ұмтылу сәтсіздікке ұшырататыны туралы ескертуі туралы айтылған³.

Біздің ойымызша, теориялық-табиғатты, құбылыстардың мәнін, және оны бағалауды танып білу және келесі дамудың бағыттары мен жолдарын анықтау үшін негіз ретінде қызмет етеді. Тәжірибеге сәйкес қызмет саласында қолданудың рационалды жолдарын анықтаумен шектеледі.

Тәжірибелік көзқарас бойынша тактикалық әдістердің жүйелендірілуі тергеушіге нақты мәселені шешу мақсатында біріктірілген, яғни қалыптасқан жағдайға сәйкес келетін тәсілді топтан таңдап алу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Сондықтан, тактикалық әдістердің жүйелілігі тергеу әрекеттерін жүргізу барысында шешуге мүмкіндік беретін белгісі бойынша, тергеушінің нақты әрекеттерінің ұтымдылығы мен тиімділігін қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен бірге осы әдістердің тергеу тәжірибесінің қажеттіліктеріне сәйкестігін анықтауға септігін тигізеді — тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде тергеушінің барлық міндеттері көрініс тапқан ба және қандай көлемде қажетті тактикалық құралдармен қамтамасыз етілген⁴. Тактикалық әдістер қалай жүйеленген және жіктелгеніне қарамастан, олардың таңдауы нақты жағдайдың сипатымен анықталып, нақты тергеу әрекеттерінде жүзеге асырылады. Осы жағдайларға сипаттама беру кезінде кейбір авторлар жауап алынушының көзқарасына баса назар аударады. Мысалы, В. А. Образцов осы жағдайды жай, күрделі және аса күрделі деп бөледі³. Бірақ, біріншіден, күрделі және аса күрделі жағдайларды бөлу үшін объективті критерийлерді бөліп көрсетуге бола ма, екіншіден, жағдайдың күрделілігі жауап алынушының тәртібімен ғана емес, сонымен бірге тергеушідегі ақпараттың сипатымен анықталады. Оның көмегімен тергеуші жауап алынушының көзқарасын өзгерту мақсатында әрекет

АХМЕТОВА С. Е. ЖАУАП АЛУ КЕЗІНДЕГІ ТАКТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

ете алады. Бұдан басқа өзге де факторлар әсер етуі мүмкін, мысалы, тергеушінің кәсіптік шеберлігінің деңгейі, біреулер оны «ойнап-ақ» шешеді, ал кейбіреулері мүлдем шеше алмауы мүмкін (немесе тергеушінің қолданған әдісіне жауап ретінде қарсы әрекет етудің нақты мінезі).

Осыдан тактикалық әдістердің құралдары және бағыттылығы мен әрекетінің сипаты бойынша, жағдайдың ерекшелігі мен қарсы тұрған тұлғаның ерекшелігін есепке алатын мақсаттарға сәйкес жіктелу қажеттігі туындайды.

Жауап алу кезінде қалыптасқан жағдайдың сипаты бойынша негізгі төртеуін бөліп шығаруға болады: а) жауап алынушының шыншылдығы; ә) адал жаңылыстыру; б) жалған айғақтар беру; в) жауап беруден бас тарту.

Жауап алу дегеніміз, заңда көрсетілген тергеу және сот әрекеті болып табылады. Ол арқылы жасалған қылмыстың мән-жайлары жөнінде керекті деректі мәліметтер алып, оларды қылмысты ашуға пайдаланады. Жауап алудың алдында тергеуші жауап алынатын адамның жеке басын анықтауы тиіс. Егер жауап алынатын адамның іс бойынша іс жүргізіліп отырған тілді білетіндігіне күмән туса, оның қай тілде жауап бергісі келетіні анықталады. Жауап алуға шақырылған адамға одан кім ретінде, қандай қылмыстық іс бойынша жауап алынатыны хабарланады, сонымен қоса Қазақстан Республикасының ҚІЖК көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі, бұл туралы хаттамаға белгі қойылады⁶. Іс жүргізу жайына байланысты жауап беретін адамнан жауап алудың бірнеше түрі бар: жәбірленушіден, куәгерден; сезіктіден; айыпталушыдан жауап алу болып бөлінеді.

Кімнен жауап алынса да ол қылмыстық іс жүргізу заңда көрсетілген тәртіп бойынша жүргізілуі тиіс. Бірақ, іс бойынша неғұрлым көп маңызды мәліметтер жинап, осы тергеу әрекетінің сапасын арттыру үшін жауап алғанда бұған тиімді, ыңғайлы тактикалық әдістер қолданылады. Бірақ тиімді болғанымен ол заңда көрсетілген тәртіпке қайшы келмеуі керек. Жауап алғанда қылмысты оқиғаға қатысты мынадай мәліметтерді білуге болады: қылмыстың болған уақыты; оның орны; амал-әдісі; қылмысты кімдердің жасағаны; істеген қылмыстардың зардабы, залалы; сипаты мен мөлшері және басқа да мән-жайларды анықтауға тура келеді.

Сондықтан, заңда көрсетілген дәлелдеме жинау, қылмысты оқиғаға тиісті тікелей қатысы бар деректі мәліметтерді анықтау. Айталық, қылмыскердің қайда жүргенін, оның мекенжайын анықтау үшін ең жақын адамдарынан сұрауға тура келеді. Сонымен қатар, қылмыстың оқиғаға тікелей қатынасы болмаса да, істі тез ашуға, қылмыскерді тауып ұстауға, істің кейбір мән-жайын анықтауға үлкен маңызы бар деген пікірді білдіреді.

Қорыта келгенде, жауап алу тергеу әрекеттерін тиімді түрде жүргізу және соның көмегімен іс бойынша қажетті дәлелдемелерді алу мақсатында тергеушімен қолданылатын тактика жүйесі ретінде қарастырады деген ойдамыз. Сонымен қатар, қолданылатын тактика әдісі, істің барлық мән-жайын бағалау негізінде Қазақстан Республикасы ҚІЖК-нің нормаларына қайшы келмейтін екі немесе одан да көп тәсілдердің бірін оңтайландыру мүмкіндігін ұйғарады.

¹ «Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылға дейінгі кезеңдерге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығы

² Порубов Н. И. Конфликтные ситуации на предварительном следствии. — М., 1984. — 39-6.

³ Белкин Р. С. Не преступи черту. Очерки о криминалистике. — М., 1979. — 56-6.

⁴ Гинзбург А. Я., Белкин Р. С. Криминалистическая тактика / Под ред. А. Ф. Аубакирова: Учебн. — Алматы. 1998. -36-6.

⁵ Образцов В. А. Выявление и изобличение преступника. — М., 1997. — 21-6.

⁶ Қазақстан Республикасының ҚІЖК 2012 ж.

Резюме

В данной научной статье рассматриваются некоторые особенности тактических методов при производстве допроса.

Resume

In this scientific article the features of tactical methods are examined at the production of interrogation.